Республикалық ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-танымдық, педагогикалық журнал

# ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫ

№16(82)
Сәуір
2021

## ІРГЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫ



Қостанай облысы, Рудный қаласы Б.Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының ұжымы

## Іргелі білім ордасының білікті басшысы



**Бірманова Қымбат Исланбекқызы**
*Қостанай облысы, Рудный қаласы Б.Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының директоры.*

## ҰЛАҒАТТЫ ҰЖЫМ











# ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫ

**Республикалық ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-танымдық, педагогикалық журнал**

**Арнаулы сан**

*Меншік иесі:* "Б-АСҚАР" ЖШС

**Бас редактор:** Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА
**Жауапты хатшы:** Айгерім ЮЛДАШЕВА
**Беттеуші және дизайнер:** Нұргүл БЕГАЛИЕВА

**Редакцияның мекен-жайы:** 120000 Қызылорда қаласы, Жеңіс 104.
**Тел.:** +7(705)961-99-29.
**Эл.пошта:** kazakh_pedagogikasy@mail.ru.

ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫ

Республикалық ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-танымдық, педагогикалық журнал

## МАЗМҰНЫ

**Қ.Бірманова.** Ұстаздың кәсіби дамуы-өркениет шыңы....3
**А.Мунарбаева.** Жер бедері. Лепті сөйлем.........................5
**А.Нурмакова.** Қозғалыс дегеніміз не ?..............................9
**С.Айтпенова.** Разрядтан аттамай екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлу /Ежелгі замандағы ұлы математиктер..........................................................................11
**А.Шылтиева.** Сан есім....................................................13
**Ж.Жакупова.** Егіншілік қалай өзгереді?.........................16
**С.Мурзагалиева.** Қой. Қойдың қошақаны......................18
**Г.Балапашева.** Ойын ережесі деген не? Ц дыбысы мен әрпі.......................................................................................22
**А.Ауезхан.** Ауа райы адамдарға қалай әсер етеді?...........24
**Г.Кемелова.** Ойын ережесі деген не? Ц дыбысы мен әрпі....27
**Қ.Аманова.** Тұрақты сөз тіркестері................................29
**Г.Жұмабаева.** Мұхтар Әуезов «Көксерек»......................30
**Жүзтаева. Н.** Көлік түрлері-2. Сын есімнің шырайлары.32
**З.Абдрахимова.** Интересное об одежде...........................34
**Н.Баранова.** В здоровом теле – здоровый дух.................37
**А.Омаргалиев.** Adverbials with Present Perfect simple and Present Perfect Continuous..................................................39
**С.Кеулхосов.** A web page. A Burning Man Festival............41
**Г.Бекмырзаева.** Crossing cities........................................43
**А.Амангелді.** Communicating around the world................45
**Г.Сансызбаева.** What is fashion for you...........................47
**Б.Төлеу.** A web page. A Burning Man Festival....................49
**Л.Ахметова.** Аралас сандарды қосу. Аралас сандарды азайту.......................................................................................57
**С.Бекмуратова.** Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру.........................................53
**М.Бахраддинов.** Перпендикуляр, қиылысатын, параллель түзулер және кесінділер...................................................55
**М.Бердібай.** Робототехниканың тарихы мен болашағы..60
**Б.Туракбаева.** Кіріктірілген шарттарды программалау..62
**А.Қайдарбекова.** Ы.Алтынсарин – жаңашыл-педагог....65
**У.Латенова.** Табиғаттағы қауіпті құбылыстар................67
**Г.Нурмагамбетова.** Адамның рухани кемелденуі...........69
**М.Нуртазина.** Үйге арналған тоқыма бұйымдарының дизайны. Эскиз дайындау...................................................71
**Г.Смайлова, Т.Кульбаева.** Музыка және бейнелеу өнері «Мен сені сүйем өмір»......................................................74
**О.Курмангалиева.** Ойын техникасының дағдысын дамыту....77
**М.Сембіғұлова.** Ұлттық ойын. Бес асық ойыны.............81
**Т.Садвакасов.** Ойын комбинацияларын құру.................83

*Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы №16063-Ж куәлігімен тіркелген.*

***Назар аударыңыз!***

***Материалдарды компьютерде TimesNewRoman қарпімен теріп, көлемі 2беттен аспайтын MicrosoftWord файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Сурет жіберген жағдайда жеке файл ретінде, мәтіннің арасына салмай жіберіңіз. Мақаланы мүмкіндігінше интернет поштаға (kazakh_pedagogikasy@mail.ru) жіберуіңізді сұраймыз.***

***Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фото-суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.***



Бірманова Қымбат Исланбекқызы
Қостанай облысы, Рудный қаласы Б.Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының директоры.

# Ұстаздың кәсіби дамуы-өркениет шыңы

"Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет"- деп Шоқан Уәлиханов айтқандай, өркениетті елдің өрістеуіне һәм көкжиегінің кеңеюі алдыңғы озық елдердің қатарына енуі үшін ең алдымен жаһандану заманының талабына сай болу қажеттілі бесенеден белгілі. Таң қалуға бір-ақ сәт жеткілікті. Ал, таң қалдыруға адамның ғұмыры да жетпей жататын заман. Жаңа өмір жаңашыл болғандықтан жаңа әрекеттерді талап етеді. Білім беру саласына сандық-мультимедиялық қорлардың енуі ұстаз қауымының стилін, оқыту әдістемесін өзгертті. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына біздің жаңаша дамудың жаңа кезеңі өтіп жатыр. Ол ақпараттық белсенділікті арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен ізденуге, алынған ақпарат көздерін сұрыптауға зор ықпал етеді. Бүгінгі жаһанданған әлем біз-ден келешек ұрпағымыздың ғаламдық білім додасында бәсекеге қабілетті болғанын талап етіп отыр. Адамның өмірлік тәжірибесі әр алуан. Бүгінгі ұрпақтың ойлайтыны келешек ұрпақтың, буынның қамы үшін игілікті істерді жасауында.. Адамзат баласының алға қарай сатылай өркениет өріне жетуі әр оқушының дұрыс ой түюіне, өнегеге жол сілтеуі, ғылым жетістіктерін терең меңгертіп оқыту, білімге деген мәңгілік құштарлық та ұстаз парыздылығының кемел көрінісі болмақ. Дана халқымыз «Өнегесіз өсу жоқ»дегендей, үлгіні ең алдымен ұстаз ұсынуы керек. Асқан білік керек. Халқыңның қызметшісі, білікті ұстаз болсаң, қанатың көсіледі, қиялың ша рықтайды, бүгінгіні ғана шолмайсың, келешекті де ойлайсың. Бұл ақиқат. Мұғалімнің кәсіби даму үшін практикалық дағдылары қалыптастыруға ерекше көңіл бөлудің маңызы зор. Мұғалім мектептерге инновациялық қызметті «әкелуші» деп қабылдайтын пікірмен астасады, оған оқушылардың бойында қалыптастыратын дағдыларға қойылатын талаптардың да түбегейлі өзгеруі себеп болып отыр. Осы ретте мектептің дамуы, оның тиімді болуы мұғалімдердің құзыреттіліктерінің барынша мол болуына байланысты.

Кәсіби шеберлікті жетілдіру бұл үздіксіз үдеріс. «Білген адам-өкінбейді, мейірбан адам-мазасызданбайды, батыл адам-қорықпайды»,-дейді Конфуций. Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, әлемдік ортада өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына, қазіргі таңдағы әлемдік оқу үдерісінің өзегі-жаңа технологияларды жетік меңгеруіне тікелей байланысты болмақ. Педагогтың дамуының басты өлшем шарты кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі, шығармашылық өсуі, оқу үдерісіне жаңа педагогикалық және сандық мультимедиялық технологияларды енгізу болып табылады. Бұдан педагогтың жеке тұлға ретінде қалыптасуына негізделетін қағида:

-кәсіби өзін өзі жетілдіруі;

- өзін-өзі кәсіби реттеуі;

-ғылыми-педагогикалық тұрғыдан қалыптасуы;

- жаңаша технологияларды меңгере отыра, өзін-өзі дамытуы;

-кәсіби дұрыс бағытты анықтауы;

-кәсіби стильді қалыптастыруы;

-түрлі деңгейдегі (облыстық, республикалық, халықаралық) сайыстарға, конференцияларға қатысуы;

-қоғамдық шараларға белсене ат салысуы;

-қызмет саласында өз шеберлігін жетілдіруі. Барлық жұмыс жүйесі шынайы, нақ, айқын мақсатқа жетуіне бағытталады. Бастысы іс-тәжірибе алмасады әрі өз тәжірибесін таратады. Педагог тұлға ретінде үйретуші, бағыттаушы, жаңалықтың жаршысы, креативті тұлға. Педагог бойында бірнеше қызметтер анықталған. Тұлға ретінде оның позициясы-қоршаған ортаға, педагогикалық шындыққа, іс-әрекетке негізделген. Рухани-адамгершілік құндылықтар, дүниеге көзқарасы, басты мақсат-мұраты,қойылған талапты орындауы оның педагог ретіндегі ұстанымы болып та-

болады. Ұстаным арқылы оның жеке басының, қоғамның белді мүшесі ата-ана алдындағы бағасы, кәсіби құзіреттілігі, әрекеті көрініс береді. Мұғалімнің кәсібилігіндегі үш басымдық: жалпы азаматтық сапа, мұғалім мамандығын анықтайтын сапалар, пән бойынша білім, іскерлік, дағды. Осы сапалар арқылы мұғалімнің еңбекке деген уәжі, кәсіби шеберлігі, қарым-қатынасы көрінеді. Жеке тұлғаның танымдық бағыттылығының деңгейінің негізі рухани қажеттіліктер мен қызығушылықта. Жеке тұлғаның рухани және мәдени қажеттіліктері білімге деген қажеттіліктен туады. Педагогикалық өзіндік білім алудың үздіксіздігі – кәсіби дамудың қажетті жағдайы. Негізгі факторлардың бірі – өз пәніне деген қызығушылық. Қазіргі мұғалім ғылымның әр түрлі саласынан хабардар болуы, өз пәнін жетік біліп, әлеуметтік-экономикалық, өндірістік, мәдени міндеттерді шешу мүмкіндіктерін білуі керек. Сонымен қатар жаңа зерттеулерді, жаңалықтарды, болжамдарды біліп, ғылымның жақын және алыс перспективаларын білуі керек. Мұғалімнің танымдық бағыттылығының бірі ғылыми-педагогикалық ойлау мәдениеті. Ол кез келген педагогикалық құбылыстың қарама-қайшылықтарынан тұрады. Педагогикалық құбылыстарға диалектикалық көзқарас мұғалімге оны үдеріс ретінде қабылдауға көмектесіп, жаңа мен ескінің күресі негізінде үздіксіз даму болады. Білімді түрлендіруде, білім беру үрдісін реформалауда зерттеуші мұғалім жаңа формация мұғалімі ретінде орталық тұлға болып табылады. Қазіргі мұғалім – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Мұғалімдік кәсіби білікті шыңдаудың үздіксіздігі шығармашылық қабілеттің дамуының кепілі және жеке педагогтік тәжірибенің дамуының, үздіксіз білім берудің алғы шарты болып отыр. Ұстаздық кәсіби шеберлік негізі, біріншіден, педагог ретіндегі өмірге көзқарасы, идеялық нанымы. Екіншіден, пәнді жетік білуі, ойын оқушыларға жеткізу үшін жан жақты дайындығы, оқушылар бойына жақсы қасиеттерді сіңіруі, моральдық нормаларды үйретуі. Үшіншіден, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс тәсілдерін міндетті түрде меңгеру. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім де бола білу керек. Басты алтын ереже: біліміңіз, қызығушылығыңыз, ниетіңіз, үлгіретіндігіңіз. Түрлі тапсырма беру. Бұл менеджмент заңы. Заманауи оқыту әдістемелерінің нәтижелері. Өзінің саналы ғұмырын оқу-ағарту ісіне арнаған ұлтымыздың біртуар азаматы Ахмет Байтұрсынұлы: "Білім-біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік-сол білімді іске асыра білу дағдысы" деп бағалаған еді. Бұл-аса көрегендікпен бүгінгі күн үшін айтылған сөз. Жаңа талаптарға бағына отыра, педагогтың кәсіби құзыреттілігінің дамуының негізгі жолдарын анықтауға болады:

- Әдістемелік бірлестіктерде, шығармашылық топтардағы жұмысы
- Зерттеу, сараптау жұмыстарын жүргізу
- Инновациялық жұмыстар
- Педагогикалық қолдау түрлерін үйрену, үйлестірушілік
- Сандық мультимедиялық құралдарды сабақтарда пайдалана білуі.
- Сайыстарға шеберлік сыныбы, форум, кіріктірілген сабақтарға қатысу. Педагогтың кәсіби құзыры шеберлігі оның тұлғалық дамуына байланысты белсенді үздіксіз үйренуінде қалыптасады. Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген болуы тиіс. Оқушының шығармашылық қабілеті практикалық әрекеттері, ізденімпаздығы арқылы дамиды.

Кәсіби құзыретті тұлға- маманға берілген мінездеме, мұғалім мамандығының талаптарына сай дәреже көрсеткіші. А. Байтұрсынұлы : «Ұлттың ұлағаты, мәдениетте, мәдениеттің ұлағаты-оқу мен әдебиетте» деген қанатты сөзі бүгінгі жаңа өзгеріске келіп саяды. Қазіргі кезде өзгеріссіз қалу қауіпті. Үздіксіз білім беру, өркениет көшінен қалмау, жаңа сатыға көтерілу, білім, ғылымдағы білім жүйесінің қыр сырын зердеге тоқып, белесті бағындыратын тұлға –ол нағыз педагог, өз ісінің майталманы болмақ!

***Бірманова Қымбат Исланбекқызы***
*№7 мектеп-гимназиясының директоры.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*



*Мунарбаева Аманкуль Мырзабаевна*
*Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

# Жер бедері. Лепті сөйлем

| | | |
|---|---|---|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары: | 2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау<br>2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін қолдану (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) | |
| | Барлығы: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. | |
| | Көптеген оқушылар: Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. | |
| | Кейбір оқушылар:<br>Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. | |
| Бағалау критерийлері | - Мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжайды<br>- Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажыратады және сәйкес тыныс белгілерін қолданады (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) | |
| Құндылықтарға баулу | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. | |
| Пәнаралық байланыс | Дүниетану | |
| | Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: қазақ тілі | |
| | Талқылауға арналған сұрақтар:<br>Сөйлем дегеніміз не?<br>Сөйлемнің қанша түрі бар?<br>Лепті сөйлем дегеніміз не? | |
| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз) | Ресурстар |
| Басы<br>4 мин | Ынтымақтастықты қалыптастыру.<br>1)Шаттық шеңбері<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де<br>Қуанайық бәріміз | Шаттық шеңбері |

| | | |
|---|---|---|
| | Арайлап атқан күндей.<br>2)Сөйлем түрлерімен топтастыру.<br>Алдыңғы білімді еске түсіру.<br>- Балалар, қазір біз топқа бөлінеміз. Ол үшін сендердің мақсат-тарың – мына жұмбақтарды шешу.<br>3) «Жұмбақ шешу»<br>1. Өзім сөзден тұрамын. Біткен ойды құрамын (Сөйлем)<br>2. Сөзді құрап, доп тіземін, Қоя салсаң, бір тары, Жаңалықты жет-кіземін (Хабарлы сөйлем)<br>3. Ойды аяқтап орақ тұрады, Жауап сөз қалап тұрады (Сұраулы сөйлем)<br>4. Ұранды, шаттықты Өкініш аптықты Білдіріп ойын талайдың Шарға ине қадаймын (Лепті сөйлем)<br>1 топ: Сөйлем 2 топ: Хабарлы сөйлем<br>3 топ: Сұраулы сөйлем 4 топ: Лепті сөйлем<br>-Сөйлем дегеніміз не?<br>-Хабарлы сөйлем дегеніміз не?<br>-Сұраулы сөйлем дегеніміз не?<br>-Лепті сөйлем дегеніміз не?<br>Дескриптор:<br>-сөйлемнің ережесін айтады;<br>-сұраулы сөйлемнің ережесін айтады;<br>-лепті сөйлемнің ережесін айтады;<br>-хабарлы сөйлемнің ережесін айтады;<br>ҚБ: «3 шапалақ» әдісі арқылы бір-бірін бағалайды. | Сөйлемдер<br><br>АКТ, жұмбақтар |
| Ортасы (25 мин) | Жаңаны тану.<br>-Балалар, бүгін біз лепті сөйлем тақырыбын жалғастырып, «Жер бедері» тақырыбымен танысатын боламыз.<br>Сабақтағы мақсатымыз – лепті сөйлемнің ерекшеліктерін білеміз, жер бедері туралы түсінігімізді молайтамыз.<br>-Балалар, қалай ойлайсыңдар, жер бедері дегеніміз не?<br>-Сендердің жауаптарыңның дұрыс-бұрыстығын видеороликтен тамашалап көрейік.<br>Видеоролик<br>-Сонымен, жер бедері дегеніміз не екен?<br>Жеке жұмыс.<br>Мәтінен сұраулы және лепті сөйлемдерді тауып, көшіріп жаз.<br>-Балалар, қазір біз 11 - жаттығуды орындаймыз. Сендер мына дескриптор бойынша жұмыс жасайсыңдар.<br>- Дүние деген не?<br>- Дүние!<br>- Алақай, дүние дегеннің не екенін білдім!<br>Ал,балалар ,бұл туралы сендер не білесіңдер?<br>Дескриптор:<br>-мәтінді оқиды;<br>-мәтіннен бірінші сұраулы сөйлемді табады;<br>-мәтіннен екінші сұраулы сөйлемді табады;<br>-мәтіннен бірінші лепті сөйлемді табады;<br>-мәтіннен екінші лепті сөйлемді табады.<br>ҚБ: «Бағдаршам» әдісі арқылы бір-бірін бағалайды.<br>-Балалар, тапсырманы тексеру үшін көршімізбен дәптерімізді | Оқулық, дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| 7 мин | алмастырамыз. Тақтадағы дұрыс жауаппен тексереміз.Қатесіз орындалса, яғни, кімде 3 ұпай жасыл түсті көтереді; Кімде 2 ұпай-сары түсті көтереді;<br>Кімде 1 ұпай – қызыл түсті көтереді.<br>Сергіту сәті. «Табиғат құбылыстар» ойыны.<br>Қар жауды.<br>Боран соқты.<br>Күн шайдай ашылды.<br>Топтық жұмыс. Жасырылған мақалды тап.Мағынасын аш<br>1-топ.<br><br><br>-Жаңбырменен жер көгереді,<br>Батаменен ел көгереді.<br>2-топ.<br><br><br>Гүл өссе – жердің көркі,<br>Қыз өссе - елдің көркі.<br>3-топ.<br><br><br>Батыр туса – ел ырысы,<br>Жаңбыр жауса – жер ырысы.<br><br> | Плакат, топтық тапсырмалар<br><br>АКТ, сурет |

| | | |
|---|---|---|
| | Дескриптор:<br>-суреттерден мақалды жазады.<br>ҚБ: «Жапон» әдісі арқылы бір-бірін бағалайды.<br>Жұптық жұмыс. Сөйлемдерді сәйкестендір.<br>Армандау Қап, бақшаның есігін жауып қоймағаным -ай!<br>Ұрандату Шіркін, айға самғап ұшсам ғой!<br>Бұйрық Қане, күнделігіңді берші!<br>Өкіну Сүйікті менің Қазақстаным жасасын!<br>Дескриптор:<br>-бірінші сөйлемді сәйкестендіреді;<br>-екінші сөйлемді сәйкестендіреді;<br>-үшінші сөйлемді сәйкестендіреді;<br>-төртінші сөйлемді сәйкестендіреді.<br>ҚБ: «Жұдырықтан алақанға дейін» әдісі арқылы өз-өздерін бағалайды.<br>Жеке жұмыс.<br>«Сызба бойынша сөйлем құрастыр.»<br>_ _ _ _ .<br>_ _ _ _ !<br>_ _ _ _ ?<br>Дескриптор:<br>- сызбаға сәйкес хабарлы сөйлем құрастырады;<br>- сөздердің байланысын сақтайды;<br>- сызбаға сәйкес лепті сөйлем құрастырады;<br>- сөздердің байланысын сақтайды;<br>- сызбаға сәйкес сұраулы сөйлем құрастырады;<br>-сөздердің байланысын сақтайды;<br>ҚБ: «Бас бармақ» әдісі арқылы өз-өздерін бағалайды.<br>Саралау тапсырмасы<br>А Сөйлемнің аражігін ажыратып, тиісті тыныс белгісін қой.<br>кісіге қарап орынсыз күлме қар қалың жауды мамына пілдің үлкенін - ай<br>В Сөйлем құра және тиісті тыныс белгісін қой.<br>Біз, алақай, жеңдік<br>Бекер, ренжіттім – ау, қап (. ? !)<br>С Адасқан тыныс белгісі.<br>1. Мейіржан жылы киінді?<br>2. Маржан нешінші сыныпта оқиды!<br>3. Алақай, апам келе жатыр. | |
| Соңы | Рефлексия.<br>«Қуаныш аралы», «Сергектік аралы», «Түсінбестік аралы» арқылы Білім алушыларға стикер тарату арқылы олардан кері байланыс алу. | Аралдар, стикерлер |

*Мунарбаева Аманкуль Мырзабаевна*
*Бейімбет Майлин атындағы*
*№7 мектеп-гимназиясының*
*бастауыш сынып мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*



*Нурмакова Айымкул Аспергенқызы*
*Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

# Қозғалыс дегеніміз не ?

| Сабақтың кезең/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>Психология лық дайындық: | Амандасу, жалпы жан- жақты дайындығын тексеру.<br>Армысың, Алтын күн!<br>Армысың, Алтын жер!<br>Армысың, Көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне менің қолым!<br>-Оқушылар бірнеше минут терезенің арғы жағындағы қозғалыстағы заттарды бақылайықшы.<br>-Оқушылар терезенің арғы жағындағы қандай нысандар қозғалды? Олар қалай қозғалды? Жанды ағзаларға тән белгілерді тізіп атаңдаршы? Сонда адамдар, жануарлар, өсімдіктер де қозғалады. Бірақ олардың қозғалысы әртүрлі болады. Жансыз заттар қозғалады ма?<br>-Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Қозғалыс дегеніміз не? | Психология-лық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.<br>Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды | ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін  | Презента ция<br><br>таймер |
| Сабақтың ортасы | 1. <br>Адамдар мен жануарлар қалай қозғалады? (жүгіреді, секіреді, жүреді, бауырымен жорғалайды) жансыз денелер қозғалуы үшін не істеу керек? (итеру немесе тарту керек). Суреттегі денелердің қайсысы өздігінен қозғала алады? (негеш пен мысық жанды ағзалар). Ойыншық машина қалай қозғалады? (оны итеру керек). Арба | | ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. | суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Зерттеу жұмысы | қалай қозғалады? (итеру немесе тарту керек). Шана қалай қозғалады? (Тарту керек).<br>2.Зерттейік<br>Сыныпты топқа бөлу.<br>Әр топқа көлбеу төбешік әзірлеу керек.<br>Нұсқау.<br>Ағаштан төбешік жасау керек.<br>Стикер жолағының көмегімен төбешік төбесіндегі бастапты нүктені белгілеу.<br>Машинаны бастапқы нүктеге қою.<br>Машинаны итеру.<br>Стикердің келесі жолағымен машинаның тоқтаған жерін белгілеу.<br>Машинаның бір стикерден екінші стикерге дейін жүріп өткен жолын сызғышпен өлшеу.<br>Дәптерге нәтижесін жазу.<br>Стикер жолағымен жолдың ортасын белгілеу.<br>Машинаны жаңа санақ нүктесіне қою.<br>Енді машинаны итеру.<br>Стикер жолағының басқа түсімен машинаның тоқтаған жерін белгілеу.<br>Сызғышпен жүрген жолын өлшеу.<br>Нәтижесін жазу.<br>Сонда оқушылар машина жоғары жақта болды, қозғала бастады, төменге келіп тоқтады.<br>Нәтиже: қозғалып келе жатқан машина өзінің орнын өзгертті.<br>3.Сергіту сәті. | Зерттеу жұмысына нұсқаулық алады.<br><br>Дәптерге нәтижесін жазады<br><br>Зерттеуді бірнеше оқушы жасайды | Ауызша мадақтау Жарайсың! Өте жақсы ! | Кітаптар, сызғыш, мәшине сантим етрлік түспа<br><br>Суреттер |
| Қорытынды жазу | 4. Өлше.<br>Зерттеу кезінде Ахметтің және оқушылардың машиналардың жүріп өткен қашықтығын салыстыру. Нәтижені жазу. Кімнің машинасы ең ұзақ қашықтыққа жүрді?<br>5.Ойлан. Негештің және оқушылардың машиналарының мөлшеріне назар аударайықшы. Егер төбешіктен үлкен жүк машинасы мен жеңіл машинаны бір мезетте жіберсе, қайсысы ұзақ қашықтыққа жүреді? Нәтиже: Машина неғұрлым ауыр болса, соғұрлым ұзағырақ жүріп барып тоқтайды. | Қорытынды шығарады<br><br>Жазылым тапсырмаларын орындайды | | Қалыптастырушы тапсырмалар |
| Тапсырма орындау | 6.Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары<br>1-тапсырма<br>Суреттегі денелер қалай қозғалады? Тағы қандай денелер қозғалысқа түседі? Екі-үш мысал келтіріңіз.<br>2-тапсырма<br>Берілген суреттерді қиып алыңыз. Оларды қозғалысына қарай сәйкес ұяшыққа желімдеңіз. | | | |
| Сабақтың соңы Рефлексия | «Ішкі-сыртқы шеңбер» ойыны<br>Оқушылар екі шеңбұр құрып, бір-біріне қарама –қарсы тұрады. Бүгінгі сабақта қандай жаңалық ашқанын айтады. | Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, суретін жібереді | | |



*Айтпенова Светлана Сәдірбайқызы*
*Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

# Разрядтан аттамай екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлу /Ежелгі замандағы ұлы математиктер

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Басы | Сабақты ұйымдастыру жұмысы:<br>Оқушылардың көңіл күйін анықтау;<br><br> | <br><br>Берілген шифрларды қолдану арқылы жасырын сөзді анықтайды. | | Нүктенің координаталары бойынша жасырын сөзді анықтау<br>1. (И.3)<br>2. (К.5)<br>3. (А.10)<br>4. (В.2)<br>5. (З.11)<br>6. (Е.9)<br>7. (Г.6) |
| | Жаңа тақырыпты хабарлау Ұлы математиктер. Пифагор. Самостық Пифагор — ежелгі грек философы және математигі. «Философия» сөзін алғаш рет қолданған Антика дәуірінің атақты философы және математигі Пифагор болған. Көбейту кестесінің шығу тарихына қысқаша тоқталу. | Оқушылар Ұлы математик туралы мәліметпен танысады | Бағдаршам |  |
| | Мақсатымен таныстыру:<br>Бүгінгі сабақта:<br>Екі таңбалы санды бір таңбалы санға бөлуді үйренесің. | | | |
| | Бөлім туралы оқушы ойын тыңдау. Оқушыларға мына сұрақтарды қою: | Оқушылар бөлінгішті қосылғыш түрінде жіктеу, қосындыны | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -Бөлу амалы компоненттерін ата;<br>-Бөлінгішті анықтау жолын түсіндір;<br>- Бөлу амалының кері амалын ата.<br>(12 + 8) : 2 = 20 : 2 = 10 (12 + 8) : 2 = 12 : 2 + 8 : 2 = 6 + 4 = 10<br>Екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлуді бөлінгішті жіктеу арқылы шығару жолымен танысқан едік.Енді сол амалдарды баған түрінде жазып үйренеміз | санға бөлу сияқты көбейту және бөлу қасиеттерін қолданғандарын еске түсіреді Сынап көру тәсілі.<br>(13 + 7) : 2 (40 +16) : 8 (24 + 12) : 6 | | |
| Ор-та-сы | Тақырыпты түсіндіру.<br>Жаңамен жұмыс<br>86 және 2 сандарын бөлу алгоритм Жазамын: бөлінгіш -86, бөлгіш-2. Бірінші толымсыз бөлінгіш - 8ондық. Бөліндінің мәнінде 2цифр болады (ондық,бірлік).<br>Ондықтарды бөлемін: 8:2=4, бөліндіге 4санын жазамын.<br>Тексеремін: қанша ондықты бөлдік? Ол үшін көбейтемін: 2*4=8 , ондықтардың астына8- ді жазамын. Азайтамын: 8-8=0 ондықтар толық бөлінді.<br>Бірліктерді бөлемін: 6:2=3, бөліндіге 3 санын жазамын.Қанша бірлікті бөлгенімді тексеремін. Ол үшін көбейтемін:2*3=6 , бірліктердің астына 6 санын жазамын Азайтамын: 6-6=0 бірліктер толық бөлінді.<br>Жауабын оқимын:43<br>Есеп шығаруҚала -69 бала<br>Ауылдан-93 бала<br>Әр мектептен-3 оқушыдан<br>Қанша мектеп қатысты?<br>Шешуі:<br>(69+93):3=162:3=54(мектеп)<br>Жауабы:Олимпиадаға 54 мектеп қатысты. | Берілген алгоритм бойынша екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлуді орындайды<br><br> | | Алгоритм<br><br> |
| Со-ңы | Бекіту. Екі таңбалы санда бір таңбалы санға баған түрінде өздігінше есеп шығаруды ұсыну<br>Рефлексия:<br>Кері байланыс:<br>Бүгінгі сабақта :Екі таңбалы санды бір таңбалы санға бөлуді үйрендің. | Тапсырма:<br><br> | <br> | <br> |



**Шылтиева Алия Атымтайқызы**
*Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

# Сан есім

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурс-тар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ-тың басы<br>1 мин<br><br>2 мин | -Сәлеметсіздер ме балалар!<br>Қазір бізде қазақ тілі сабағы.<br>Психолгиялық дайындық<br><br><br>-Жарайсыңдар, балалар.<br>Өткен сабақты еске түсіру:<br>«Ой толғаныс» әдісі арқылы<br><br><br>«Ия,жоқ»<br>Сын есім заттың сынын білдіреді (ия,жоқ)<br>«Ақшыл» туынды сын есім (ия,жоқ)<br>Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған сын есімді негізгі сын есім дейміз. (ия, жоқ)<br>Боз ала деген дара сын есім (ия, жоқ)<br>Дескриптор:<br>Сын есім сөз табы түрлерін ажырата алады.<br>Кері байланыс: «Шапалақтау» әдісі | Оқушылар өткен тақырыпты еске түсіріп,бүгінгі тақырыппен танысады. | Дескриптор: Оқушылыр бұрынғы өткен тақырыптарды еске түсіреді | Оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>25 мин<br><br>Сергіту сәті | -Ендеше бүгінгі сабағымыздың ортақ тақырыбы: Су-тіршілік көзі.<br>Сабақтың тақырыбы: Сан есім<br>-Қазір сендерге мен тірек сөздер қима қағаздарын үлестіріп беремін, сол қима қағаздардан мәтін құрастырасыңдар.<br><br><br>Ол үшін 2 топқа бөлінейік<br>Тірек сөздер: 3 күйі, түссіз,иіссіз, дәмсіз, тіршілік көзі, табиғи су көздері, құдық пен бұлақ<br>Мәтін құрастыру<br>Су- тіршілік көзі. Су –түссіз,иіссіз, дәмсіз. Судың 3 күйі болады. Олар-қатты, сұйық, газ тәрізді.Судың күйлері: бұршақ, қар, мұз, мұздақ. Табиғи су көздеріне өзен, көл, теңіз, бұлақ құдық жатады.<br>-Енді осы мәтіннің мазмұны желісі бойынша негізгі 3 сұрақ құрастырыңдар.<br>-Енді осы құраған болжамды мәтінімізді бейнебаянмен сәйкестендірейік<br>-Ендеше бейнебаянға назар аударайық<br>«Су-тіршілік көзі» Бейнебаян<br>Енді осы бейнебаяннан тыңдаған мәтіннің желісі бойынша негізгі 3 сұрақ құрастыр?<br>«Қар лақтыру» арқылы Сұрақ-жауап әдісі:<br>1. Судың неше күйі болады? (Судың 3 күйі болады)<br>2. Су қандай? (Су –түссіз,иісіз, дәмсіз)<br>3. Табиғи су көздеріне не жатады? (Өзен, көл, теңіз, бұлақ, құдық)<br>Дескриптор:<br>Тірек сөздер арқыл мәтін құрастырады.<br>Болжам мәтінді тексереді.<br>Мәтін бойынша 3 сұрақ құрастырады<br>Кері байланыс:» Бас бармақ» әдісі<br>-Ендеше біз бүгін грамматикалық тақырыбымыз: сан есім сөз табымен таныс боламыз.<br><br> | Оқушылар бейнебаянды тыңдай отырып, тірек сөздердің мәтін құрастырады | Дискриптор: тірек сөздерді анықтайды; — мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді; — мәтіннің мазмұнына қатысты ой қорытады | Презентация<br><br>Тақырыпқа байланысты видеоролик көрсетілед<br><br>слайд |

<table>
<tr>
<td>Бекіту тапсыр-масы<br>7 мин</td>
<td>«Ия»,«Жоқ» деген тест арқылы.Слайдтан көрсетемін<br>Сан есім- заттын санын, ретін білдіретін сөз табы. Сан есімнің сұрақтары: Қанша? Неше? Нешінші деген сұрақтарға жауап береді. Сан есімнің құрамына қарай:дара, күрделі. Мағынасына қарай:есептік, реттік<br>Дескриптор: Сан есімді ажырата алады<br>Кері байлансы:: Шапалақтау Әдісі<br>Сергіту сәті:<br>Оқулықпен жұмыс:<br>Оқулықтағы 22 –жаттығу ауызша орындаймыз.<br>Жұппен жұмыс:<br>Сөзжұмбақ шешу<br>6Н   Т10   К3<br>С10А   100ІМ<br><br>Тапсырма: Құрамындағы сан есімі бар сөздерді сөзбен жазу және сол сөздерді сөз таптарына қарай талдау<br>Дескриптор:<br>Құрамындағ сан есімі бар сөз жасайтын сөзжұмбақты құрастырады<br>Сөз табына ажырата алады<br>Дәптермен жұмыс<br>Осы сөздерді дәптерлеріне жазады<br>Семантикалық кесте
<table>
<tr><td>Сөз таптары / Сөздер</td><td>Зат есім</td><td>Етістік</td><td>Сын есім</td><td>Сан есім</td></tr>
<tr><td>Айгүл,дәптер, оқулық</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Төрт,бес, жүз</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Жүгір,секір,ойна</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қызыл,қалың, биік</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор, Сөз таптарына қарай ажырата алады<br>Логикалық есеп:<br>Алдында 1, артында 2,алдында 2,біреуі екеуінің арасында және үшеуі бір қатарда қаз ұшып келеді.Барлығы неше қаз? (3)</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы.<br>5мин<br>Рефлекция</td>
<td>Рефлексия<br>Кері байланыс «Желкен»<br>
</td>
<td>Сабақты қорытындылау барысында оқушылар өз ойларын айтады</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>



***Жакупова Жулдызай Султангалиевна***
*Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

# Егіншілік қалай өзгереді?

| Сабақтың кезең/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Амандасу.<br>Оқушыларды түгендеу<br>Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.<br>«Қырлы қағаз» әдісі арқылы берілген сұрақтарға жауап алынады. | Амандасады.<br><br>Берілген сұрақтарға жауап береді | Ауызша бағалау<br>Қазіргі егіншіліктің маңызын түсінеді;<br>Ежелгі егіншіліктің ерекшелігін айтады. | «Қырлы қағаз » әдісі<br> |
| Сабақтың ортасы | Адамдар егіншілікпен қалай айналыса бастады?<br>Оқулықпен жұмыс.<br>-Оқушылар, оқулығымыздың 14 бет<br>Тірек сөздер:<br>ЕГІНШІЛІК<br>СЕЛЕКЦИЯ<br>«Егін шаруашылығы қалай өзгерді?»<br>Сәйкестендір.<br>Егіншілік құралдарын оның атауларымен бағыттама арқылы сәйкестендіреді.<br><br>Қазір адам топырақты құнарлығына байланысты пайдаланады: егін егеді, бау - бақша отырғызады, көкөніс пен жеміс-жидек өсіреді.<br>Егіншіліктің бірнеше түрі бар. | Мыңдаған жылдар бұрын адам терімшілікпен шұғылданып, жеуге жарамды өсімдік жемісі мен жидегін азық еткен<br>Кейін адам топыраққа түскен тұқымның көктейтінін байқап, егіншілікпен айналыса бастады. | Формативті бағалау. Сұраққа жауап берген оқушылар бағаланады.<br><br>Бағалау.<br>Дескриптор:<br>Оқушылар:<br>-Еңбек құралдарын ажырата алады;<br>-Еңбек құралдарының маңызын түсінеді.<br>ҚБ. Мұғалімнің жазбаша қалыптастырушы бағалауы.<br><br>Тамаша!, Жарайсың!) | Презентация<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Жеміс ағаштарын өсірумен айналысатын шаруашылықты бағбаншылық , көкөніс өсіруді бақша шаруашылығы, дәнді дақылдарды өсіруді астық шаруашылығы деп атайды. Олардың өсуі топырақтың түрі мен құнарлығына байланысты. СӘЙКЕСТЕНДІР. Адамның топырақпен байланысты жұмыстары. | Жыл мезгілдерімен адамның топырақпен байланысты жұмыстарын сәйкестендіреді | Қол көтеру | |
| Сабақтың соңы | Сөйлемді толықтыр. -Оқушылар, енді онлайн мектепте бүгінгі тақырыпқа байланысты тапсырма жүктелген, соны орындап жібереміз. Рефлексия «Менің сезім» әдісі Кері байланыс Екі жұлдыз, бір тілек (2 мин ) | Астық шаруашылығына ______ жатады. (көкөністер, дәнді дақылдар,жеміс тер) Онлайн мектеп тапсырмасын орындайды. Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстары туралы сұрау. | Формативті баға. | Дескриптор: -сөйлемді оқиды; -тиісті сөзді табады; |

***Жакупова Жулдызай Султангалиевна***
*Бейімбет Майлин атындағы*
*№7 мектеп-гимназиясының*
*бастауыш сынып мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*



*Мурзагалиева Салтанат Дамирқызы*
*Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

# Қой. Қойдың қошақаны

| Сабақтың кезең/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| <br><br>Сабақтың басы | Психологиялық ахуал қалыптастыру.<br>Жабырқауды білмейміз,<br>Жалқаулықты сүймейміз.<br>Біз – талантты жас ұлан,<br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br>«Ойлан тап» әдісі арқылы 3 топқа бөлу (әр топ өзінің тобының атын шашырап жатқан әріптерден құрастырып алады)<br>I топ «Қошақан»<br>II топ «Құлыншақ»<br>III топ «Ботақан»<br>ҚАМШЫ табу<br>(Ұ) Алдыңғы білімді еске түсіру<br>«Сұрақты ұстап ал» әдісі «Ыстық орындық» (әр топтан 1 оқушыдан, команда құрайды)<br><br>1.Біз қандай бөлім бойынша жұмыс жасап жүрміз?<br>2.Халық ауыз әдебиетінің түрлерін ата?<br>3.Ертегінің неше түрі болады?<br>(3 түрі).<br>4.«Ұзынсары» мәтініндегі Ұзынсары адам ба? Әлде әдет-ғұрып па? Ойыңды дәлелде.<br>5.«Ұзынсары мәтінінде қандай оқиға баяндалған еді? (2-3 сөйлем көлемінде ойыңды ықшамда.<br>6.Наурыз мерекесіне қатысты 2 тілек-бата сөз айт.<br>ҚБ: Мұғалімнің қолпаштауы» | Оқушылар хормен айтады<br><br>Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер.<br><br>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары<br><br>Сұрақтарға жауап береді | Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.<br><br>«Жарайсыңдар!», «Өте жақсы!, «Керемет» | <br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ-тың ортасы | Жаңа сабақ. Ширату тапсырмасы.<br>«Наурыз дастарханы» ойыны<br>«Постер құрау»<br>1 топ Сүттен дайындалатын тағамдар<br>2 топ Еттен жасалатын тағамадар<br>3 топ Жүннен жаслатын бұйымдар<br>Ортақ ұғымды анықта?<br>Орман Төрт түлік мал, жазық дала<br>«Ой қозғау» әдісі<br>· Төрт түлікке нелер жатады?<br>· Олардың төлдері қалай аталады?<br>Түйе төлі-ботақан Қойдың төлі-қошақан<br>Жылқы төлі-құлыншақ Сиырдың төлі-бұзау<br>Жұмбақты шешіп көр<br>Кішкентай ғана бойы бар<br>Айналдырып киген тоны бар (қой)<br>Олай болса біз бүгінгі сабағымызда төрт түліктің ішіндегі ең момыны Қой малы туралы өлең, жұмбақ, мақал-мәтелдермен жұмыс жасайтын боламыз.<br>Жұмбақ дегеніміз не? (жауабын шығару)<br>Жұмбақ– адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр.<br>1 тапсырма.<br>Олай болса сіздерге мынадай тапсырма (3 топқа бірдей жұмбақ беріледі, бірақ жұмбақтың құрамындағы сөйлемдердің орны ауыстырылған, ретіне келтіріп жаз, жауабын тап) Ескерту! Жұмабақтың екі жауабы бар<br>Шапаным да, тоным да, Атам соның соңында,<br>Арқаның жүр жонында. Таяғы бар қолында.<br>( Қой, қойшы)<br>Жұмбақты барлық топ ретке келтіреді.<br>I топ мәнерлеп оқиды (-3 оқушы)<br>II топ жауабын айтады.<br>III топ түсініктеме береді.<br>Дескриптор: (назар аударамыз)<br>Жұмабақтың құрылымын сақтап, ретке келтіреді. Мәнерлеп оқып береді Шешуін табады (бағалау смайликтер арқылы)<br>Оқылым. «Оқы, ойла» әдісі<br>Мақал-мәтел дегеніміз не? (тақтада жауабын шығару)<br>Мақал - мәтелдер – талай замандар бойы қалыптасып ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген халықтық мұра, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі.<br>Мақал –мәтелдің жалғасын тап.<br>1. Қойдың басы Құданың асы<br>2. Мал жуасы — қой, Аң жуасы — қоян | Мәтінмен жұмыс жасайды<br><br>Мәтінді түсініп оқиды<br><br>Дәптер-мен жұмыс | Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.<br>Сұрақ-тарға жауап береді<br><br>ҚБ:Жұлдызшалар<br> | <br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сергі-ту сәті | 3.Құтты қонақ келсе<br>Қой егіз туады<br>Шыққан мақалды оқиды, мағынасын түсіндіру керек.<br>Үш тілде айтылуы.<br>I топ қой<br>Қой – қазақша айтылуы.<br>Баран – орысша айтылуы.<br>Ship – ағылшынша айтылуы.<br>II топ- Сүт<br>Сүт – қазақша айтылуы.<br>Молоко– орысша айтылуы.<br>Milk – ағылшынша айтылуы.<br>III топ –айран<br>Айран – қазақша айтылуы.<br>Кефир– орысша айтылуы.<br>kefir– ағылшынша айтылуы.<br>Дескриптор:<br>-мақалдың мағынасын ашады, үсіндіреді,<br>- үш тілде аударма жасайды<br>Сергіту сәті (бота МӨ)<br>«Дыбыстап көр»<br>Рөлге ене отырып, төрт түлік малдың дыбысталуын салып көрейікші (әр топқа бөліп бер)<br>Өте тамаша рөлге ене алады екенсіңдер! Жарайсыңдар. Ал енді бәріміз тұрып бір сергіп алайық.<br>Сиыр«М-ны»«Ө-ге» қосып: «Мө»,-дейді<br>Түйе «Б-ны» «Ө-ге» қосып: «Бө»,-дейді<br>Жылқы «Е-ні» «Е-ге» қосып: «Ее»-дейді<br>Қой «М-ны» «А-ға» қосып: «Ма»,-дейді<br>Ешкі «М-ны» «Е-ге» қосып: «Ме»,-дейді<br>Ал мен «М-ға» «А-ны» қөосып: «Ма», деймін Ма деймін «МАМА» деймін<br>ҰЖ Оқылым<br>«Қой» өлеңін іштей оқылады.<br>1. Өлеңді тізбектеп оқиды<br>2. Мұғалім оқиды<br>Аңыраған мен маңыраған сөздерінің айырмашылығы неде?<br>Аңыраған- қой мен қозының бөлінген кезі.<br>Жамыраған-қой мен қозының табысқан<br>3-4 тармақта не туралы айтылған?<br>(өмірмен байланыстыру төрт түлік мал да баласын іздей алады екен)<br>5-6-7 тармақтарда не туралы айтылған?<br>Жеке жұмыс: «Кім жылдам?»<br>Сұраққа жауап беру ( мәтіннен тауып)<br>-Қайда маңырайды? ( қорасында )<br>- Немен жамыраған? ( қозысымен )<br>- Қозысынан айырылса неліктен ұзақ аңырайды? (себебі төлін сағынады) | дәптерге жазады<br>Жеке тапсырма орындай-ды<br><br>Зерделейді және зерттейді<br><br>Дәптер-мен , тақтамен жұмыс<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Өз көзқараста-рын білдіреді<br><br>Тақтамен жұмыс<br><br>Сұраққа жауап береді<br><br>Тапсырма-ларды орындайды | Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толы қтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.<br><br> <br>ҚБ:шапалақ<br><br>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толы қтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.<br>Сұрақтарға жауап береді | <br> <br><br> |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>- Сүтті қанадй? ( аппақ, қою сүті бар )<br>- Қандай құрты бар? ( ақ шағала құрты бар )<br>Дескриптор:<br>Қой өлеңін мәнерлеп оқиды.<br>Сұрақтарға жауап жазады.<br>ҚБ: «От шашу»<br>Жұппен жұмыс Семантикалық карта «Көрмеге саяхат». 3 ұпай беру<br>Оқушылар жұптасып алдарына берілген кестені көрмедегі заттарға қарай толтырады. (барлығы дұрыс қатесіз болғанда 3 смайлик, 2 смайл)<br>Семантикалық карта
<table>
<tr><th>Жүнінен жасалатын заттар</th><th>Терісінен жасалатын заттар</th><th>Сүтінен жасалатын заттар</th></tr>
<tr><td>Кілем</td><td>Былғары белбеу</td><td>Айран</td></tr>
<tr><td>Шұлық, киімдер</td><td>Тон</td><td>Құрт</td></tr>
<tr><td>Киіз</td><td>Етік</td><td>сүзбе</td></tr>
<tr><td>Алаша, текемет</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор:<br>- Кестеге сүйеніп қойдың пайдасын семантикалық картаға орналастырады</td>
<td>Сұрақтарға жауап береді.<br>Өз көзқарастарын білдіреді</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>Кері байланыс «СМС» әдісі<br>Маған сабақ ұнады..<br>Мен сабақта белсенді қатыса алдым, толық түсіндім<br>Сабақта белсенділігім орташа, бірақ сабақ ұнады</td>
<td>Оқушылар-ға ресурс таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.</td>
<td>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау.</td>
<td>Кері байланыс парағы.</td>
</tr>
</table>

***Мурзагалиева Салтанат Дамирқызы***

*Бейімбіт Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі. Қостанай облысы, Рудный қаласы.*



***Балапашева Гулмира Бидоллаевна***
*Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

# Ойын ережесі деген не? Ц дыбысы мен әріпі

| Сабақтың кезеңі уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурс тар |
|---|---|---|---|---|
| Басы | Психологиялық жағдай қалыптастыру.<br>Оқушылармен амандасу.<br>Жұмыс ережесін келісу<br>Сабақта бір-бірімізді тыңдаймыз! <br>Уақытты үнемдейміз! <br>Нақты,дәл жауап береміз!<br>Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз  | Оқушылар амандасады<br>Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды | Жарайсыңдар!<br>Керемет!<br>Жақсы!<br>Талпын! | Психологиялық жағдай |
| Сабақтың соңы.<br>7 мин | .Сабақты қорытындылау.<br>Тест (Learning apps арқылы)<br> | Сабақты қорытындылау барысында оқушылар өз ойларын айтады | Жалпы сабақты бағалау критерийлер бойынша ең жоғарғы 10 балл | Learning apps бағдарламасы |



*Қайдарбекова Алтынай Мұхамеджанқызы*
*Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

# Ы.Алтынсарин – жаңашыл-педагог

| Сабақ кезеңі/уақыт | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурс-тар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>3-5 минут | Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br>Ұжымдық жұмыс «Галерея» әдісі<br><br>Шарты: Суреттерді қандай тарихи оқиға немесе тарихи тұлға біріктіріп тұрғанын айтады.<br>Бағалау әдісі: Мұғалім бағалауы – «мадақтау» әдісі. | Шарты: Суреттерді қандай тарихи оқиға немесе тарихи тұлға біріктіріп тұрғаның айтады. | Дескрип тор: Оқушылар тарихи оқиғаны жәнетұлғаны анықтайды. | Оқулық<br><br>Презентация |
| Сабақтың ортасы<br><br>25 минут | Мұғалім түсіндірмесі.<br>1-тапсырма:Ұжымдық жұмыс: Кластерді толтыру.<br>Кері байланыс: «Бас бармақ» әдісі<br>Бағалау әдісі: Мұғалім бағалауы – «мадақтау» әдісі.<br><br> | Ы.Алтынсарин кластерін толтырады | Дискрип тор: Оқушылар Ы.Алтынсарин кластерін толтырып және кім екенін анықтайды. | Презентация<br><br>Тақырыпқа байланысты видеоролик көрсетіледі |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>2-тапсырма: “Топтық жұмыс”<br>Сәйкестендіру<br>Кері байланыс: Б.Б.Б кестесінің «Білгім келеді» бағанын толтырады.<br>Бағалау: «Өзара» бағалау» - «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі<br><br><br>3-тапсырма: “Жұптық жұмыс”<br>Кері байланыс: Б.Б.Б кестесінің «Білемін» бағанын толтырады.<br>Бағалау: «Өзара» бағалау» - «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі<br><br><br>4-тапсырма: “Жеке жұмыс” Интерпретация.<br><br><br>Кері байланыс: «Еркін микрофон» әдісі<br>Бағалау: «Фейерверк» әдісі.</td>
<td>Ы.Алтынсариннің ашқан мектептері мен ашылған жерлерін сәйкестендіреді.<br><br>Хронологиялық кестені толтыру<br><br>Ы.Алтынсариннің нақыл сөздерін қазіргі заманмен салыстыра отырып қандай із қалдырғанын анықтайды.</td>
<td>Оқушылар мектептердің суреттерімен ашылған жерлерін сәйкестендіреді, метептердің ашылу себептері мен тарихи маңызын талдайды.<br><br>Берілген жылдарда болған оқиғаларды жұптасып толтырады.<br><br>Нақыл сөздердің қазіргі заманмен байланысын анықтайды.</td>
<td>Презентация<br><br>Презентация<br>Интербелсенді тақта<br><br></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы.<br>10мин<br><br>Рефлекция</td>
<td>Рефлексия. «Поезд» әдісі.<br><br></td>
<td>Тапсырмалардың түрі жазылған вагондарға, оқушылар өз рефлексияларын жазып салады.</td>
<td>Жалпы сабақты бағалау критерийлер бойынша ең жоғарғы 10 балл</td>
<td></td>
</tr>
</table>

***Қайдарбекова Алтынай Мұхамеджанқызы***
*№7 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*



*Латенова Ұлпан Болатовна*
*Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының жаратылыстану пәні мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

# Табиғаттағы қауіпті құбылыстар

<table>
<tr><th>Сабақ кезеңі/уақыты</th><th>Педагогтің іс-әрекеті</th><th>Оқушының іс-әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>3 минут<br>Миға шабуыл<br>(4мин)</td><td>Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.<br>Оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br>Сабақтың мақсатын анықтау<br>Ауызша сабақ, критерийлерін анықтайды.




Жаңа термин сөздер: Қауіп- опастность- danger Көмек- помощь- help



</td><td>Оқушылар өткен тақырыпты еске түсіріп,бүгінгі тақырыппен танысады.<br><br>Оқушылар дыбыстарды тыңдай отыра мысалдар келтіре отыра, сыни тұрғыда бүгінгі тақырыпты ашады</td><td>Дескриптор: Оқушылыр бұрынғы өткен тақырыптарды еске түсіреді.<br><br>Ауызша мадақтау<br>Жақсы!<br>Өте жақсы!<br>Жарайсыңдар!</td><td>Оқулық<br><br>Видео жазба<br>videoplayback - копия.mp4</td></tr>
<tr><td></td><td>№1 тапсырма.Сәйкестендіру



</td><td>Сәкестендіру тапсырмасы: Ыбырайдың Өзен өлеңімен тақырыпқа байланысты суреттерді сәйкестендіреді.</td><td>Дискриптор: табиғаттың қауіпті құбылыстарының суреттерін Ыбырай Алтынсаринның «Өзен» өлең шумағымен сәйкестендіреді</td><td>Презентация<br><br>Тақырыпқа байланысты видеоролик көрсетіледі</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| |  | | | |
| Бекіту тапсырмасы 10 минут |  | | | |
| |  | | Сабақты қорытындылау барысында Ыбырай Алтынсарин-ның «Бақша ағаштары» әңгімесін ала отырып табиғатты аялап, бағып-қағуда үлкен мән мағына бар екендігі жайлы айтып аяқтаймыз. | Сла йд |
| Сабақтың соңы.<br>7мин<br><br>Рефлекция<br><br>Бағалау | Рефлексия пирамидасы: Қарас-тырылған мәселелерді қаншалық-ты ұққандығыңды жалы өз ой-ларымен бөліседі<br>Кері байланыс<br><br>Үйге тапсырма.<br>Оқушылардың меңгермеген сұрақтарын үйде қайталап келуді ұсынамын. | Сабақты қорытындылау барысында оқушылар өз ойларын айтады | Жалпы сабақты бағалау критерийлер бойынша ең жоғарғы 10 балл | |



*Нурмагамбетова Галия Акылбековна*
*Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының өзін-өзі тану пәні мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

# Адамның рухани кемелденуі

| | |
|---|---|
| Мақсаты: оқушыларға өмірде риясыз сүйіспеншілікпен қызмет етудің маңыздылығын, дұрыс әрекет құндылығы арқылы ұғындыру.<br>Міндеттері:<br>1. Білімділік: Оқушыларға сүйіспеншілікпен және шынайылықпен жұмыс істеудің маңыздылығын түсіндіру;<br>2. Дамытушылық. Оқушылардың бойындағы әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікті сезіну қасиеттерін дамыту;<br>3. Оқушыларды қоғамға риясыз қызмет етуге тәрбиелеу. | Ресурстар: (материалдар, дереккөздер)<br>1.bilim-all.kz<br>2.https://infourok.ru |
| Ұйымдастыру кезеңі.<br>5 Т ережесі. **Тәртіп Талап Тыныштық Тазалық Татулық.**<br>Тыныштық сәті. «Тыныс алуға зейін қою.»<br>Сабақтың дәйексөзі.<br>(Оқушыларға үш рет айтқызып, дәптерге жаздырту)<br>Адамның жақсысы-адамға сүйіспеншілікпен қарағандар.<br>*Абай.*<br>Талдау<br>1.«Адамның жақсысы» дегенді қалай түсінесіздер?<br>2. Адамадар арасында ең жақсы адам болу үшін не істеу керек?<br>3. Дәйексөзден қандай ой түйдіңіздер? | 5 Т – ережесі: |
| Үй тапсырмасын пысықтау.<br>Мамытбек Қалдыбай . «Бауыржан Момышұлы туралы.»<br>Әңгімелеу.<br>1.Б.Момышұлы адам бойындағы қандай қасиеттерді жоғары бағалаған?<br>2.Мәтінде автор адамгершілік намыс туралы қандай ой айтты?<br>3.Б.Момышұлы қайрат,ақыл,жүрек үшеуінің қызметін қалай бағалады? Сәздер қалай бағалар едіңіздер?<br>4.Б.Момышұлы жастарға қандай келеңсіз сипаттардан сақтану керектігін өсиет етті?<br>5.Б.Момышұлына өзің қандай сұрақ қояр едіңіз? | |
| Оқиға айту (Мұғалім сыйы). «Адалдық» (Бейнеролик көрсету.)<br>https://youtu.be/H1ReUMNtnmk<br>Сұрақтар:<br>1. Ұлттық сана, ұлттық ұғым дегенді қалай түсінесің?<br>2. Қазақ халқын кімдер, қалай әлемге танытты деп ойлайсыңдар?<br>3. Руханият бізге не береді? | https://youtu.be/H1ReUMNtnmk |

| | |
|---|---|
| Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс.<br>1-тапсырма<br>Тест жұмысы<br>1. Тұлға әлеуметтік қызметін қалай атқаруы тиіс?<br>а)Құқын сақтап міндетін, парызы мен борышын риясыз, адал орындауы керек.<br>ә)Жеке басының мүддесін көздеуі керек.<br>б) Өз жеке тәжірибесіне жүгінуі керек.<br>2.Отбасы берекелі болу үшін...<br>а)Мүдделердің ортақ, болуы керек.<br>ә)ауызбірлік, төзімділік,сүйіспеншілік,адалдық керек.<br>б) материалдық жағынан қамтамасыз етілуі керек.<br>3.Адамдармен тіл табысып,бақытты өмір сүру үшін.....<br>а)өзің қаламаған нәрсені басқаға да істемеу,өзіңе қалай қарағанын қаласаң,басқаларға да солай қарауың керек.<br>ә)адамның жақсылығын шынайы бағалап,мақтау керек.<br>б) айналасындағыларға өзін көрсетіп,мойындатуы керек.<br>4.Қоғамдағы бейбітшілік пен келісімнің орнауына әр адам жауапты.<br>а) Келісемін, адамдар бір-біріне мейірімді, өамқор болып,ынтымақтасу арқылы тыныштыққа қол жеткізеді,бейбітшілік салтанат құрады.<br>ә) Келіспеймін, ол жеке адамдарға байланысты емес.<br>б) Мүмкін, бірақ ол-өте күрделі мәселе ғой,жалғыз адам не істей алады?<br>2-тапсырма<br>Жүрек, жүректілік, ақ жүрек, үлкен жүрек деген сөздер мен сөз тіркестерінің анықтамасын тауып дәптерге орындаймыз. | Google Meet.<br>Тест жұмысы. |
| Топпен ән айту<br>Сөзі Қ.Мырза-Әлидікі «Өз елім»<br>Әні Н.Тілендиевтікі.<br>Әуені үнтаспадан қойылады. Оқушылар мұғаліммен бірге үнтаспаға ілесіп, әнді бірге айтады. Ән мәтіні оқулықта берілген. | |
| Үй тапсырмасы.<br>Арасанбай Естенов «Ізет» мәтінді оқып келу,сұрақтарға жауап беру. | |
| Сабақтың қорытынды сәті.<br>Оқушыларым сабаққа қатысқандарына рахмет. Бүгінгі сабақтан алған жақсы қасиеттерді, ұлы сөздерді жүректеріне сақтап алуын өтінемін.. | |

***Нурмағамбетова Ғалия Акылбековна***
*Бейімбет Майлин атындағы*
*№7 мектеп-гимназиясының*
*өзін-өзі тану пәні мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*



**Нуртазина Меруерт Шариповна**
Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының көркем еңбек пәні мұғалімі.
Қостанай облысы, Рудный қаласы.

# Үйге арналған тоқыма бұйымдарының дизайны. Эскиз дайындау

| Сабақ кезеңі/уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | Тақырыпты ашу: Суретте қандай бөлменің интерьері көрсетілген? Бөлмеде қандай тоқыма бұйымдар бар?   Сабақ тақырыбы: Үйге арналған тоқыма бұйымдарының дизайны (алжапқыш, асханалық бұйымдар, т.б.). Эскиз дайындау. Идеяларды іске асырамыз. Сабағымыздың мақсаты: Шығармашылық асыру үшін эскиздерді, техникалық сызбаларды және сызбаларды орындау; Үштілділік: алжапқыш,фартук, apron.  «Дауыстап ойлау» әдісі бойынша Алжапқыштың шығу тарихымен танысады. Алғашқы алжапқыштарды Ежелгі Мысырда ер адамдар пайдаланған. Кейін келе оларды әйел адамдар пайдалана бастаған. Ал-жапқыштарды түрлі мерекелер мен отырыстарда сән үшін таққан. Олар қымбат шілтермен өңделіп, кестеленген және түрлі түсті, қос етіп жасалған. Уақыт өте келе алжапқыштар киімді ластамау үшін тағатын болды. Олар мақта мата, зығыр не түкті матадан тіккен. Заманауи алжапқыштар. | Сыни ойлау тұрғысынан тақырыпты ашады | 1. Алжапқыш пен тұтқыштың эскиздерін (техникалық сызбасын) өзі жеке түрде жасайды 2. Алжапқыштар мен қапсырманың эскизін (техникалық сызу) жасағанда шығармашылық идеяларын қолданады 3. Әр түрлі сәндік элементтерді дамытады | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Алжапқыштарды тек асханада ғана киілмейді. Алжапқыштар арнайы киім (форма) ретінде әр түрлі мамандар киіп жүргеенін көрген шығарсыздар. Мысалы шаштараз, даяшы, аспазшы, көлік жөндеушілер, гүл өсіруші, сатушы. Әр салада жұмыс жасайтын адамдар.<br><br><br>1 тапсырма: Асүйге арналған бұйымдар (алжапқыш, тұтқыш, төсем, дастархан, перде, сулықтар)<br><br> | Кластер құрасырады. | | |
| | 2тапсырма: Тұтқыш тігуге арналған мата қандай қасиеттерге ие болуы тиіс, неге? (Химиялық қоспасы жоқ матадан, ыстық өтпеу үші)<br>Алжапқышты қандай матадан тігуге болады? (мақтаж, зығыр не түкті матадан)<br>Асүйде қандай тоқыма бұйымының болғанын қалар едің?<br>Суреттерді қараңыз, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табыңыз.<br>(Пішілген алжапқыш түрлері: 1 - төс белгісімен, 2 - төс белгісіз, 3-тұтас пішілген)<br><br> | Сұрақтарға жауап береді. | | |
| | Видео қарау:<br>https://www.youtube.com/watch?v=rdzXqWWQnvk<br>3 тапсырма тәжірибелі жұмыс: Үйлеріңізге өз қолдарыңмен қандай тоқыма бұйымындар дайындар едіңіздер?<br>Бұйымның бірнеше нобайын салыңыздар?<br>Ас бөлмесіне арналған бұйым алжапқыштың сызбасын сызып нобайын дайындайды 1.Бұйымның аты 2.Сызба жасау 3.Қорғау<br>Дескриптор:<br>- Алжапқыштың қажетті өлшемдерін алады;<br>- Алжапқыштың сызбасын құрастрады;<br>- Түрлі үлгідегі алжапқыштың нобайын салады;<br>- Өз ойын жеткізе алады<br>Қандай өлшемдер алыну керек: Мойын сызығы, көкірек сызығы, бел сызығы, жамбас сызығы, тізе сызығы, В,В2- көкірек ені, Т, Т1- Бел өлшемі, Т, Т2 Белдегі көкірек ұзындығын ың өлшемі, Н,Н1- Томенгі ені ,В,Т –көкірек тен белге дейінгі өлшем, Т,Н- Ұзындығы. | Эскиз салады | | Тақырыпқа байланыс ты видео көрсетіледі. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| |    <br>Ұзындық өлшемі толық жазылады, ал ені мен айналым өлшемі жартылай жазылады, өйткені сызба денебітімнің бір бөлігіне қойылады<br> <br> | | | |

***Нуртазина Меруерт Шариповна***
*Бейімбет Майлин атындағы*
*№7 мектеп-гимназиясының*
*көркем еңбек пәні мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*



**Смайлова Гүлсім Сабитбекқызы**
Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының музыка пәні мұғалімі.
Қостанай облысы, Рудный қаласы.



**Кульбаева Тамаша Александрқызы**
Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының көркем еңбек пәні мұғалімі.
Қостанай облысы, Рудный қаласы.

# Музыка және бейнелеу өнері «Мен сені сүйем өмір»

| Сабақ кезеңі/уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Амандасу. Топқа бөліну. Карточкалар арқылы бөлініп отыру.<br>Шаттық шеңбері: «Жүрек тілі»<br>Бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы: «Мен сені сүйем өмірдеп аталады.<br><br> | | | Презентация №1 |
| Сабақтың ортасы | Мақсатымыз- тақырыптың өзі айтып тұрғандай өмірді сүю, қандай жағдай болмасын өмірге деген құштарлығымызды арттыру<br><br><br>Өлең сөздерін жандандыру ойыны:<br>Берілген өлең сөздерінде өмірге деген құштарлық сүйіспеншілік айтылған. Сендерге тапсырма өлең сөздерін жандандыру керек. | Оқушылыр топтарға бөлінеді | | Презентация №3 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1-топ:<br>Өмір жеткенде бір биікке құлап қалсам да<br>Өмір бойдағы қайта тұрар қуатты алса да<br>Өмір алдына талай сынып жылап барсам да<br>Мен сені сүйемін өмір мен сені сүйемін өмір<br>2-топ:<br>Өмір күз болып салдым әнін сағыныштардың<br>Өмір аппақ қар болып кейде алып ұшқанмын<br>Өмір көктемдей саған бірақ әлі құштармын<br>Мен сені сүйем өмір мен сені сүйем өмір<br>3-топ:<br>Өмір өзіңді таппай іздеп өзек талса да<br>Өмір мен кешкен мөлдір таза мезет қаншама<br>Өмір жанымда бақ пенен зор кезек болса да<br>Мен сені сүйемін өмір мен сені сүйемін өмір | Дыбыссыз яғни ауызбен айтпай, мимика, жесс қимыл қозғалыс арқылы жандандыру |  | Презентация №5,6,7 |
| | Дауыс жаттығулары.<br>1.До-до-ре-до, 2.А-а-а, а-а-а, а-а-а.<br>Жаңа сабақ. Өмірбаяны<br>Роза Әлқожа Өзбекстан мемлекеті Амангелді ауылында 1981 жылы 1 қазанда дүние есігін ашқан. Тілі шыққан кезінен ән салып, 6 жасында домбырада ойнаған Роза бала күнінен әнші болуды армандаған. Алайда ата-анасының кеңесімен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетіне түсіп, журналист мамандығын алып шығады. 8-сыныптан бастап өлеңдерге ән жаза бастаған дарынды жас университет қабырғасында оқып жүріп түрлі мереке, іс-шара, байқауларға қатысып, өзінің әншілік, композиторлық қырын танытады. Роза Әлқожа Айдын Қаба есімді журналистпен шаңырақ көтерді, бүгінде өнегелі отбасы 5 бала тәрбиелеп отыр. Әнді жүрегімен айтатын әнші былтыр Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің "Өнер және мәдениет" факультетін бітіріп, екінші дипломын алды. | Оқушылар дауыс жаттығулар жасайды.<br><br>Оқушылар жаңа сабақты мұқият тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап береді |  | Презентация №8<br><br>Презентация №9,10 |
| | Шығармашылығы:<br>Әншінің алғашқы альбомы "Мен сыйға тартқан орамал" деген атпен 2008 жылы жарық көрген. Орындауындағы әндердің бірқатарының әнін өзі жазатын Розаның "Мен сыйға тартқан орамал", "Жылатқаның неткенің", "Қара күз", "Мына өмір ғажап қандай" әндерін халық жылы қабылдап, елінің сүйіспеншілігіне бөленді. Оған қоса композитор Ажар Түзелбекқызының орындауындағы "Сағындым сені", "Бақыттымын", Баян Нұрмышеваның орындауындағы "Жібектің елі", Еркін Нұржановтың орындауындағы "Қаңтарда жауған жаңбыр", Ақбота Керімбекованың орындауындағы "Орындалмас тілегім", Ләззат Жоламанованың орындауындағы "Сағынғаным болмаса" сынды әндерді жазған. | Оқушылар өз ойларын ауызша жеткізеді және жаңа сабаққа назар аударып, берілген сұрақтарға жауап береді. | | |
| | Ән үйрену: «Мен сені сүйем өмір» Роза Әлқожа.<br>Әнді тыңдау;<br>Ән ырғағымен жұмыс;<br>Әнді музыкамен қосылып орындау. | | | Презентация №11 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы | Топтық жұмыс:<br>1-топ:<br>«Мен сені сүйем өмір» тақырыбын суреттеу;<br>2-топ:<br>«Мен сені сүйем өмір» кестелеу;<br>3-топ:<br>«Мен сені сүйем өмір» бұйым жасау.<br><br>Қорытындылау, талдау<br>Осы дайын бұйымдарын топпен қорғау.<br>РЕФЛЕКСИЯ<br>-Мен не білдім?<br>- Бүгін мен не үйрендім?<br><br> | Оқушылар топпен жұмыс жасайды<br><br>Бұйымдарын топпен қорғайды<br><br>Бір -бірін бағалау | <br> | Презентация №12<br><br>Презентация №13,14 |
| Оқушыларға жеке қолдау көрсету, оқу материалдарымен дерек сөздерді оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып, сабақ мақсатына жету үшін оқушыларға жеке кіші сұрақтар беру, өзара қарым-қатынас жасау, талдау, ортақ шешімге келу арқылы мативация беріп отырдық. Формативтік бағалау сәтті болды деп ойлаймыз. Әр тапсырманы орындағанда сабақ мақсатына жету деңгейін анықтап отыруын қадағаладық. Барлық оқушылар оқу мақсатына жетті. | | | Бағалау. Оқушылар сабақты түсініп, тапсырмалар ды орындау барысында «Қошемет-теу» әдісін қолдандық | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау<br><br>Қол жұмысын орындау барысында ТҚЕ сақталды. |

***Смайлова Гүлсім Сабитбекқызы***
*№7 мектеп-гимназиясының музыка пәні мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

***Кульбаева Тамаша Александрқызы***
*№7 мектеп-гимназиясының көркем еңбек пәні мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*



*Курманғалиева Ольга Кудайбергеновна*
*Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пәні мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

# Ойын техникасының дағдысын дамыту

| Сабақ кезеңі/уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі 5 минут | Бір қатарға сапқа тұру. Сабақ тақырыбын, мақсатын хабарлау. Қауіпсіздік техникасы туралы ескерту.<br>ФО сөздердің көмегімен;<br>- Баскетбол қанша кезеңге және қанша уақытқа созылады?<br>- Неге допты бүгілген аяқтарда лақтырып тастайды?<br>(Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту)<br>(дене шынықтыру сабақтарына оқушыларды ынталандыру)<br>- Жарайсыңдар, жақсы, өте жақсы.<br>(К) Саптық командалық жаттығулар:<br>- Тәртіп бойынша есептеу. Сәлемдесу:<br>Салеметсіз бе, Сәлеметсіз бе Hello.<br>- «1-2ге саналамыз», «2 бағанға сап түзел», бұрылыстарды орындау:<br>- "Айнал!", " Солға, Оңға!»<br>- Алға қарай қадам бас!<br>ЖДЖ жаттығулары<br>Күшті оқушыны бағанның алдына қоямын.<br>(өзін-өзі жүзеге асыру әдісі) (метод самореализации)<br>- Бір колоннада шеңбер бойымен жүру (жүру түрлері):<br>- Аяқ ұшымен жүру, қол белде.<br>- Өкшемен жүру, қол желкеде.<br>- Тізені жартылай бүгілген қалыпта жүру. (жартылай отыру)<br>- Аяқты бүгілген қалыпта жүру. (отыру)<br>- Аяқ бүгілген қалыпта алға, оңға және солға секіру.<br>(жаттығуларды қауіпсіз орындауды ұйымдастыру үшін фронтальды - ағымдық әдісті, өзін-өзі жүзеге асыру әдісі мен көрсету әдісін сабақтың жақсы тығыздығы мен сабақтың сапасы үшін қолданамын)<br>(К) Колоннада жүгіру, сигнал бойынша мұғалім ысқырық береді.<br>- Шеңбер бойынша жүгіру.<br>- Ішкі шеңбер бойынша жүгіру.(кім шаршады)<br>- Арқамен Алға жүгіру<br>- Аяқты жоғары көтеріп жүгіру (бег с высоким подниманием бедра, сгибая голень назад.)<br>- Мұғалім ысқырығы бойынша 360о бұрылыстарымен жүгіру | Дескриптор: Оқушылыр бұрынғы өткен тақырыптарды еске түсіреді. | Ауызша мадақтау Өте жақсы! Жарайсыңдар! Керемет! | Секундомер, ысқырық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - Бүйірлі қадамдармен (приставными шагами)<br>- баскетболшы тұрысында (в стойке) (сол және оң жақ бүйірімен) қозғалу;<br>- қалыпты жүгіру, жүгірумен қатар бір аяқпен секіруді кезектестіру. (ысқырық бойынша)<br>Жыланша жүгіру.<br>- Жылдамдатып жүгіру (жаттығу сапасын арттыру үшін мұғалімнің көмегімен дифференциация)<br>-«Алға қадам бас!»,(тыныс алуды қалыпқа келтіру жаттығулары)<br>-«Орнында тоқта, солға бұрыл, бүйірлік сызықпен қолды созып ажырау. (разомкнуться)<br>2. Орнында орындалатын жаттығулар.<br>(К) қозғалыстағы жаттығу: (тапсырмаларды дифференциациялау)<br>- қол белде, аяқ иық деңгейінде, бас алға, артқа, солға, оңға;<br>- бастың қозғалысымен бірге қол саусақтарын ашып-жабу;<br>- қолымыз иығымызда, иық буынын айналдырамыз;<br>- бір орында оңға, солға бұрыл. Қол белде.<br>- қол белде. Алға, артқа, оңға, солға еңкею.<br>- оң қол жоғарыда, сол қол төменде, қолдың қалпын ауыстыру<br>- қол алдыға, оң<br>- қол алға, оң және сол аяқты көтеру (егер оқушылар арқа, іш, аяқтың бұл-шықеттеріне жүктемені көтере алса), егер оқушыға қиын болса, онда ол шынтақты бүгіп, тізені бүгіп орындайды.<br>(сараланған тапсырма) оқушылардың физикалық мүмкіндіктеріне байла-нысты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін.<br>- қол желкемізде оң аяққа отыру және сол аяққа отыру; выпады правой, левой ногой, руки за головой;<br>- қол желкемізде, жүруді кезектестіру ( аяқ ұшымен, өкшемен 4 есепке) алға, артқа (есептеу әдісі)<br>- екі аяқпен отырып тұру<br>- бір аяққа отырып тұру (физикалық мүмкіндіктерді ескере отырып, орындайды)<br>(сараланған тапсырма, физикалық қасиеттерді ескереміз) (нәтижелерді саралау), жаттығуларды мұғалімнің көмегімен түзету, жаттығулардың сапасын арттыру үшін.<br>- қолымызды тізеге қойып оңға және солға айналдыру.<br>- қол жұмылған күйде, білек сүйектерін, солға және оңға айналдыру;<br>- аяқ ұшын оңға, солға айналдыру. | | | |
| | II. Ресурстарды дифференциациялау: доппен жұмыс, секіртпемен жұмыс, гимнастикалық матамен жұмыс, гимнастикалық орындықпен жұмыс<br>Саптық командалар: айналмалы жаттығу үшін топтарға қайта құру<br>(К, Г) Мұғалім сыныпты 4 топқа бөледі. (Айналмалы жаттығу әдісі)<br>1 топ: ептілік пен ойлауды дамыту үшін орындық арқылы секіру жаттығу-ларын орындайды. (Сынамалар мен қателер әдісі)<br>Тапсырмаға дескрипторлар:<br>- қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтайды;<br>- секіруді екі аяқпен орындайды;<br>- тапсырманы «кідірусіз орындайды»<br>2 топ: кеңістікте ептілікті және үйлестіруді дамыту үшін баскетбол добы бар жаттығулар циклін орындайды (Өзін-өзі жүзеге асыру әдісі)<br>Тапсырмаға дескрипторлар:<br>- баскетболшы тұрысын дұрыс орындау<br>- допты қабырғаға оң, сол қолмен лақтыру кезінде қол білегінің жұмысы, екі қолмен қағып алу.<br>- допты жоғалтпайды<br>3 топ: іштің бұлшық еттерін дамыту үшін гимнастикалық матамен жат-тығулар циклін орындайды<br>Тапсырмаға дескрипторлар:<br>- денені көтеруді дұрыс орындайды (секіру)<br>- қолды құлыпта дұрыс ұстау (қолды босатпайды, аяғын ұстамайды) | | Ауызша мадақтау<br>Өте жақ-сы!<br>Жарайсың дар!<br>Керемет! | Гимнастика-лық мат, секіртпе баскет-бол добы, гимнастикалық орындықтар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 4 топ: арқаның және аяқ бұлшық еттерін дамыту үшін секіртпемен жаттығулар циклін орындайды<br>Тапсырмаға дескрипторлар:<br>- екі аяқпен секіруді дұрыс орындалады<br>- бір аяқпен секіруді дұрыс орындайды (сол және оң)<br>- секіру кезінде дене қалпын дұрыс ұстау<br>- тапсырманы «кідірусіз орындайды»<br>(нәтижелерді саралау), жаттығулардың сапасын арттыру үшін мұғалімнің көмегімен жаттығуларды түзету.<br>(К, Г,)Орындалған тапсырмаларды талқылау. Әр топ өздігінен талдау жасайды. Мұғалім өз кезегінде көтермелеу әдісі (шапалақпен) және қателерді түзету әдісін пайдалана отырып, әр топтың формативті бағалауын жүргізеді.<br>(К) Сапқа тұрғызу. Баскетбол доптарымен жұмыс істеу кезіндегі ҚТ еске салу (ұйымның сөздік әдісі)<br>Барлық сынып үшін оқыту мақсатына сүйене отырып тапсырма беремін (әркім табысқа жету, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін немесе сабақты одан әрі ынталандыру үшін)<br>(К,Г)<br>Сыныпты топтарға бөлемін<br>Допты дұрыс жүргізу мен допты себетке екі қадаммен лақтыруды көрсетемін (көрсету әдісі)<br>Барлық сынып үшін оқыту мақсатына қарай тапсырма беремін<br>"Ойын техникасы дағдыларын дамыту" (АКТ қолдану) бейнеролигі допты жүргізу және себетке лақтыруды дұрыс орындау үшін.<br>Задаю вопрос: Что вы узнали из видеоролика про ведение мяча?<br>Сұрақ қоямын: допты жүргізу туралы бейнероликтен не білдіңіз? (Мұғалімнің сұрағы: допты қалай дұрыс қабылдауға болады, жүгірмеу үшін (пробежка)) оқушылардың жауаптары: (ауызша әдіс)<br>(К)<br>1 тапсырма<br>Тапсырманың мақсаты: қолды допта дұрыс орналастыру, аяқты түрыс кезінде дұрыс орналастыру, допты дұрыс орналастыру үшін (алдынан және бүйірден)<br>1. допты жоғарыға лақтыруды орындайды, жаттығуды орындау сапасын жақсарту үшін бірнеше рет қайталау әдісі.<br>2. орташа тұрыста сол және оң қолмен шеңбер бойымен допты жүргізуді орындайды. (тапсырманы саралау)<br>Ысқырық бойынша оқушылардың орындары өзгереді.(Мұғалімнің көмегін саралау). Визуалды бағалау негізінде мен сыныпты 2 топқа бөлдім: «А» және «Б»<br>2 тапсырма<br>Тапсырманың мақсаты: допты жүргізу техникасының дәлдігі үшін, себетке лақтыру.<br>Әдістемелік ұсынымдар беру үшін кейбір оқушыларға барамын (жаттығуларды орындау сапасын жақсарту үшін мұғалімнің көмегін саралау)<br>1 топ (А) орташа қарқынмен допты, сақинаның шабуылын екі қадаммен орындайды<br>2 топ (Б) аяқты дұрыс қоя отырып, тұрыста айып лақтыруды (штрафной бросок) орындайды (тапсырманы дифференциялау)Оқу мақсатына сүйене отырып, көптеген оқушылар үшін 1 тапсырманы сақинаға түсіруді, кезекпен орындау керек, "Б" командасы 2 тапсырманы орындайды, доп міндетті түрде сақинаға 3-5 рет түсуі қажет. Тапсырмаларды ауыстыру кезінде командаға тапсырманы жеңілдетеміз. Доптың 1-2 рет түсуі (А тобы) (ФО-визуалды сапаны жақсарту үшін, мотивация үшін), (формативті бағалау)<br>Оқу мақсатына сүйене отырып тапсырманы кейбір оқушылар «Б» тобы үшін беремін.<br>Тапсырманың мақсаты: допты себетке лақтыру техникасы, допты басқаға беру техникасы үшін.<br>1. допты көру бақылауынсыз жүргізу, допты сақинаға лақтыру (ФО-визуалды сапасын жақсарту үшін, мотивация үшін), (формативті бағалау)<br>Формативті бағалау негізінде мен сыныпты «А», «В» топтарына бөлдім. | | Ауызша мадақтау<br>Өте жақсы!<br>Жарайсың дар!<br>Керемет<br>ҚБ: «Қошеметтеу» | Компьютер, проектор, экран<br>https://www.youtube.com/watch?v=tL8oBggX7yU |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Оқыту мақсатына сүйене отырып «Б» тобынның оқушыларына тапсырма беремін.<br>Тапсырманың мақсаты: доп қозғалысының дәлдігін анықтау және қозғалыс кезіндегі бақылау үшін (ФО, оқуға итермелейтін демонстрация, сөздердің көмегімен мақтау)<br>1. жұппен доптың берілуін бір-бірінен (3 метр қашықтықта) орташа қарқынмен алға қарай жылжи отырып орындау. Допты себетке лақтыру.<br>2. допты оң және сол қолмен жүргізу, фишкалар жиегінен өтіп, екі қадаммен сақинаға шабуыл жасау. Допты себетке лақтыру. (формативті бағалау)<br>Нәтижелерді саралау:<br>"Б" тобының оқушылары доп жүргізу үшін "А" тобына көрермен бақылауынсыз орындату арқылы қолдау көрсетемін (өзін-өзі көрсету және көрсету әдісі және жеке тұлғаға бағытталған тәсіл).<br>"Б" тобының оқушыларына дескрипторларды құрастырамыз (өзін-өзі жүзеге асыру әдісі)<br>Тапсырма:<br>1. Допты тікелей жүргізуді орташа тұрыста, жыланша орта қарқынмен күшті қолмен, допты жоғалтпай, орташа биіктікпен жүргізуді орындайды.<br>Мақсаты: қолды допта дұрыс орналастыру, аяқты тұрыста дұрыс орналастыру, допты дұрыс орналастыру үшін (алдынан және бүйірден)<br>Бағалау критериі: ойын техникасы дағдылары<br>Дескрипторлар<br>- орташа тұрыста орташа қарқынмен допты жүргізу-2 ұпай<br>- допты жоғалтпай жыланша жүргізу-2 ұпай<br>- допты жоғалтпай тікелей жүргізу — 2 ұпай<br>- секіру биіктігін бақылау-2 ұпай<br>- Себетке салу (қолды дұрыс ұстау) сол және оң қолмен орындау-2 ұпай<br>Барлық ұпай: 8<br>Өте жақсы 8-6 ұпай<br>Жақсы 5-4 ұпай<br>Қанағаттанарлық-3 ұпай<br>Табысқа ұмтылу -2 ұпай және одан аз<br>1. орташа қарқынмен орташа тұрыста допты жүргізу 2 ұпай<br>2 допты жоғалтпай жыланша жүргізу 2 ұпай<br>3 допты жоғалтпай тікелей жүргізу 2 ұпай<br>4. Секіру биіктігін бақылау 2 ұпай<br>5. Себетке салу (қолды дұрыс ұстау) сол және оң қолмен орындау.2 ұпай (Жарыс әдісі)<br>Оқу мақсатына сүйене отырып, өткен материалды пайдалана отырып, ойын ұсынамын. Барлығы үшін тапсырма.<br>Тапсырманың мақсаты: жауапкершілікті, ұжымшылдықты тәрбиелеу, өткен материалды бекіту<br>(К, Г) Сынып сол командаларда өткен материалды бекіту үшін "қаздар мен аңшылар" ойынын ойнайды.<br>Тапсырмаларды саралау<br>Оқу ойындары кезінде оқушыларды жаттығу кезінде қол жетімді тәсілмен топтарға бөле отырып, мен олардың физикалық, жеке қабілеттерін жетілдіруге үйреттім).<br>(К, Г) Оқушылар өз қарсыластарының ойындарын формативті бағалауды жүргізеді. (ойын, жарыс әдісі - жеңімпаздарды анықтау және ынталандыру үшін.) (сөздердің көмегімен мақтау) | | |
| Сабақтың соңы. 3 мин<br><br>Рефлексия<br><br>Бағалау | Сабақтың қорытындысы: ұйымдастыру сәті.Сапқа тұрғызу.<br>(К.И) Рефлексия:<br>Оқушылар аяқталмаған сөйлемді жалғастыруы керек:<br>- Мен істей аламын...<br>- Доптың немен болуы керек екенін білдім ...- Узнала что мяч должен быть с ...<br>- Орындай аламын ...<br>- Допты себетке лақтырғанда ...<br>- Аяқтар лақтыру кезінде қалай болуы керек екенін білемін ...<br>(К) үй тапсырмасы.(Интернетте "айып лақтырысын (штрафного броска) орындау техникасы" бейне ролигін табу). Оқушылардың спорт залынан шығуы. | Сабақты қорытындылау барысында оқушылар өз ойларын айтады | Жалпы сабақты бағалау критерийлер бойынша ең жоғарғы 10 балл |



Сембігулова Мөлдір Қайсарқызы
Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пәні мұғалімі.
Қостанай облысы, Рудный қаласы.

# Ұлттық ойын. Бес асық ойыны

| Сабақ бөлімі уақыт | Мұғалімнің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурс -тар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>5 мин | Ұйымдастыру кезең<br>Амандасу.<br>Оқушыларды түгендеу<br>Жаңа сабақты айту<br>(Миға шабуыл) әдісі арқылы, оқушыларға сұрақтар қоямын.<br>Баскетбол ойынының шығу тарихы<br>Баскетбол ойынындағы қауіпсіздік ережелері<br>Қауіпсіздік ережесін ескерту<br>Жалпы дамыту жаттығуларын жасайды (бейне ролик көру арқылы) | Оқушылар чатқа «+» «-» қою арқылы белгі береді.<br>Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді<br>«Google Meet» платформасындағы видео конференцияға кіреді. | Оқушыл ардың жауапта рын бағалау<br>Қ/Б: «Мадақ тау» әдісі | Презен тация<br><br>Бейнер олик |
| Сабақтың ортасы<br><br>15 мин | Мұғалім түсіндірмесі.<br>Бес асық ойыны. Атауына сай бес асықтан тұрады және осы асықтарды қолдың ептілігімен ұтып алады,бір түсті бір асық яғни сақа және төрт бірдей түсті асық болуы қажет.<br>Бес асық ойыны 13 кезеңнен тұрады.<br>Бейне ролик арқылы бес асық ойын ережесімен танысу.<br>Бейнеролик бойынша сұрақтар<br>Асықпен ойналатын қандай ойын түрлерін білесіздер?<br>Бес асық ойынының адамға тигізер қандай пайдасы бар? | Жаңа тақырыппен танысады.<br>Оқушылар оқу материалдарын мұқият қарап оқып меңгереді, өз ойларын ортаға салады, пікірлеседі - берілген информация бойынша кері байланыс береді.<br><br>Сұрақтарға жауап береді | Оқушы-лардың жауапта рын бағалау<br>Қ/Б: «Мадақ тау» әдісі<br><br>Жатты-ғулар ережесін біледі | Презен тация<br><br>Тақыры пқа байланы сты бейнеро лик көрсетіл еді<br><br>Бейнеро лик |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1 тапсырма. 2 қолымызға бір-бір асықтан алып асығымызды жоғарға лақтырып,қолдан-қолға ауыстырып қағып алу.<br>2 тапсырма. Асығымызды жоғарға лақтырып екі қолмен кезекпен-кезек қаршып ұстап алу.<br>3 тапсырма.Картамен жұмыс 4 төртбұрышты қағазды жерге қойып асығымызды қолымызға алып 4 картаға 1 асықтан қойып сақамызды қолымызға алып, картадағы асықтарды бір –бірімен алмастырып қоямыз.<br>Бес асық ойынын 5 кезеңіне дейін ойнау.<br>«Бірлік»<br>«Екілік»<br>«Үштік»<br>«Төрттік»<br>«Жалақ» | Оқушылар бейнероликтегі жаттығуды жасайды<br><br>Оқушылар бес асық ойынын ойнайды | Оқушылардың ойынын ауызша бағалау<br><br>Оқушылар ойындарын «Мадақтау» әдісі арқылы бағалау | Бейне-ролик |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | Сабақты қорытындылау<br>Асық түрлері арқылы кері байланыс жасау.<br>Сабаққа белсенді қатысып тапсырманы дұрыс орындаған оқушыларды мадақтау арқылы бағаладым. | Whatsapp мессенджер арқылы жасаған жұмыстарының қорытындысынан фото жібереді. | Мұғалім тарапынан кері байланыс қалыптастырушы бағалау жүргізіледі. | |

***Сембіғұлова Мөлдір Қайсарқызы***
*Бейімбет Майлин атындағы*
*№7 мектеп-гимназиясының*
*дене шынықтыру пәні мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*



*Садвакасов Талғат Қамбарұлы*
*Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пәні мұғалімі.*
*Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

# Ойын комбинацияларын құру

| Жоспарлан ған уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| Басы | Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру. Мәлімет беру. Амандасу. Орнындағы бұрылыстар: «Оңға», «Солға», «Айнал»<br>Жүру түрлері: аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, жартылай, толық отырып жүру<br>Жүгірудің түрлері: Кәдімгі жүгіріс. Тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>Аяқтан- аяққа секіріп жүгіру. Жылдамдықты үдетіп белгі бойынша қарсы бағытта жүгіру. Демді қалпына келтіру<br>Бір орында орындалатын жалпы дамыту жаттығулары: Басты оңға , солға айналдыру. Түзу қолдарды артқа сермеу. Қолдарды иық буыннан алға, артқа айналдыру. Қолдарды алға созып, білезік буында айналдыру. Әр адымға алға иіліп, қолдың ұшын аяқтың ұшына тигізу. Бір орында адымдау «Тоқта»! , «Солға , бұрыл» пәрмендерін орындау | ысқырық, уақыт өлшеуіш, баскетбол доптары, кедергілер  |
| Ортасы | Видео көрсетіледі.<br>Топтық әрекеттер - бұл команда ойыншыларының бір бөлігі ғана қатысатын әрекеттер. Топтық әрекеттер үйренген комбинациялар-ды қолдану арқылы немесе ойыншылардың ойындағы әрекетіне негізделген. Екі немесе үш қарсылас ойыншылардың арасында допты беру - бұл топтық әрекет.<br>Шабуылдағы командалық әрекеттер - бұл барлық ойыншылардың келісілген түрдегі әрекеті. Бұл допты қарсылас алаңының ойын алаңына бір немесе екі жылдам паспен беру. Команда ойында же-ңіске жету үшін бастаманы қолына<br>Алып, өзінің себетін қорғау арқылы қарсыласты мықтап ұстап, доп үшін белсенді әрекет жасау керек.<br>Шабуыл - бұл ұпай жинауға мүмкіндік беретін баскетболдың негізгі бөлігі. | ысқырық, уақыт өлшеуіш, баскетбол доптары, кедергілер    |

| | | |
|---|---|---|
| | Практикалық жұмыс.<br>1) Ойынның басында, орталықта және даулы лақтыру кезіндегі комбинация.№5 ойыншысы шыққан кезде, оны кедергі арқылы №3 ойыншыны босата алады.<br><br>2) Допты бүйірлік сызықтан бастау кезіндегі комбинациясы көрсетілген. Ойынның соңғы секундтарында біз бір ойыншыны себеттің астына емес, тек алыс қашықтықта шығарып лақтыра аласыз.<br><br>3)Алдыңғы сызықтан допты алып жүріп ойынға қосқандағы комбинация. Ойыншылар алаңда бір бірінің артына тұрады.<br> |   |
| соңы | Сабақты қорытындылау.<br>1. Шабуылдағы ойыншының жеке әрекеттерін табыңыз.<br>А) Допты себетке лақтыру, допты алу<br>Ә) Аяқпен әдейі ойнау<br>Б) Даулы доп лақтыру<br>2. Шабуылда командалық әрекеттерді жүзеге асыруға қандай екі жүйе көмектеседі?<br>А) Тактикалық серпіліс және техникалық шабуыл<br>Ә) Шапшаң бұзып өту және позициялық шабуыл<br>Б) Жылдам шабуыл және позициялық бұзып өту<br>3. Екі – үш қарсыластың арасында доп беру топтық әркет пе?<br>А) иә<br>Ә) жоқ<br>Рефлексия.<br>- Не білдім?<br>-Не үйрендім?<br>Тапсырма беру. | Ысқырық<br><br>  |



# Тарихы терең іргелі білім ордасы









